



2023

«Қазақтеңізкөлікфлоты»
Ұлттық Теңіз Кеме Қатынасы Компаниясы»
Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігінің
2023 жылғы

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕПТЕМЕСІ

МАЗМҰНЫ

Қадағалау кеңесі төрағасының үндеуі _____	2
Басқарма төрағасының үндеуі _____	3
Есептеме туралы _____	4
ҚТКФ және оның активтерінің құрылымы _____	5
Негізгі оқиғалары мен жетістіктері _____	5
Корпоративтік басқару _____	6
Стратегиялық бастамалар және қызметтің басым бағыттары _____	7
Инвестициялық жобалар _____	8
Қаржы көрсеткіштері _____	9
Өндірістік көрсеткіштер _____	10
Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау _____	18
Қоршаған ортаны қорғау _____	20
Кемелерді пайдалану қауіпсіздігі _____	21
Кадрлық, жастар және әлеуметтік саясаттар _____	23
Корпоративтік қауіпсіздік _____	26
Менеджмент-тәуекел _____	27
Комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау _____	28
Сатып алулар жүйесі және жергілікті қамтылымды дамыту _____	29
Менеджменттің біріктірілген жүйесі _____	30
· Ішкі аудит _____	31
· Сыртқы аудит _____	32
Аудиторлық қорытынды _____	33

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Қадағалау кеңесі төрағасы Б.К.Закировтің үндеуі



Б.К. Закиров
«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС
Қадағалау кеңесі төрағасы

”

Құрметті серіктестер және әріптестер! «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС үшін 2023 жыл маңызды жылдардың бірі болды. «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС есепті жылы 25 жылдық мерейтойын атап өтті. Осы орайда, Жалғыз қатысушы атынан Компанияның қызметкерлері мен серіктестерін осы айтулы күнмен құттықтаймын.

Кеме қатынасы саласында геосаяси күшпен және санкциялармен туындаған теңдессіз күрделі жұмыс жағдайларына қарамастан «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС менеджменті, оның қызметкерлері, сондай-ақ кемелердің капитандары, экипаждары Компанияның серіктестері мен клиенттері алдында барлық міндеттемелерін орындады.

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Қадағалау кеңесі әлемдік экономиканың салмақты сынаққа түскеніне қарамастан Компания өзінің стратегиялық бағдарынан ауытқымай, өз алдына белгіленген мақсаттарға жоғары деңгейде қол жеткізді. Осымен бірге, Компания бірқатар негізгі және қаржы көрсеткіштері бойынша рекордтық нәтижелерге қолжетімді болды.

Елбасы К.К.Тоқаевтың 2023 жылғы қаңтарда БАӘ Абу-Даби қаласына іскерлік іссапары шеңберінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «AD Ports Group» арасында стратегиялық серіктестік туралы жасасқан келісімге тараптар қол қойды. «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және «International Maritime Investments Ltd.» («AD Ports Group» еншілес компаниясы) арасында жасасқан Келісімді іске асыру мақсатында 2023жылғы ақпанда «Астана» халықаралық қаржы орталығы негізінде «Caspian Integrated Maritime Solutions Ltd» бірлескен кәсіпорны құрылған болатын.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мұнай экспортының баламалы маршруттарын дамыту бойынша тапсырмаларын орындау мақсатында, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және SOCAR арасында мұнай транзиті туралы Бас келісім шеңберінде 2023 жылғы наурызда Ақтау-Баку-Джейхан маршруты бойынша теңіз мұнайының тиелімін жүргізу қолға алынды, мұнда қазақстандық тараптан теңіз тасымалдаушысы болып «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС белгіленді.

2023 жылғы қарашада Ақтау портында нидерландтық «Damen Shipyard» кеме жасау компаниясынан бірлескен кәсіпорынмен бірлесе отырып сатып алынған «Тараз» және «Лива» танкерлерін салтанатты қабылдап алу рәсімі өтті.

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС 2023 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша Компанияның жалпы табысы жоспарланған 2 950 млн теңге табыспен салыстырғанда 9 051 млн теңгені құрады.

2023 жылды қорытындылай келгенде, есепті жылы қалыптасқан геосаяси жағдайға қарамастан, мен «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Қадағалау кеңесі атынан «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Басшылығы мен бүкіл ұжымға және Компанияның серіктестеріне жемісті ынтымақтастық пен іскерлік қатынастарды нығайтуда атсалысқаны үшін алғыс білдіремін.

“

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Бас директоры (Басқарма төрағасы) А.Е.Оржановтың үндеуі



Құрметті оқырмандар! Сіздің назарыңызға 2023 жыл бойынша қаржы және өндірістік қызмет қорытындылары ашып көрсетілген «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС шоғырландырылған жылдық есептемесін ұсына отырып, Компанияның алдағы уақытта даму перспективаларымен бөлісемін.

Есепті жыл «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС мерейтой жылына шақ келіп, Компанияның 25 жыл бойы атқарған жұмысын қорытындылайды.

Әлемде орын алған қиыншылықтарға қарамастан 2023 жыл «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС үшін жемісті жылдардың бірі болды. Компания іркіліссіз және сенімді мұнай тасымалын, контейнерлік және жүк тасымалын қамтамасыз етті.

Контейнерлік жүктерді тасымалдаудың өндірістік бағдарламасы бөлігінде Транскаспий халықаралық көлік маршруты бойынша Ақтау-Баку бағытында 19 868 ЖФЭ контейнерлер тасымалданып, салыстырмалы түрде алдыңғы жылмен ұқсас болды.

Компанияның 2023 жыл бойынша шоғырландырылған түсімі 2022 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 13%-ға жоғары болды және 142 975 млн теңгені құрады, шоғырландырылған табыс жоспарланған 2 950 млн теңге табыспен салыстырғанда 9 051 млн теңгені құрады.

Компания 2023 жылы 26 120 млн АҚШ доллары төлемін жүргізіп, Жалғыз қатысушының алдында «Алтай» және «Алатау» танкерлері бойынша алынған займды толықтай өтеді. Бұл Жалғыз қатысушының шешімі бойынша 2023 жыл.ғы қорытындылар бойынша 7 360 млрд. теңге сомасында дивиденттер төлемін жүргізу мүмкіндігін берді.

Есепті жылы «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС стратегиялық мәнге ие маңызды инвестициялық жобаларды іске асыру, соның ішінде теңіз флотының аясын кеңейту бойынша қолға алынған жұмысты жалғастырды. Компания өз жұмысының басым мәні және Елбасының тапсырмасы – мұнай тасымалының баламалы маршруттарын іздестіру және Каспий теңізі мен Ашықтеңіздерде теңіз флотының аясын кеңейтуге баса назар аударды.

Бүгінде өндірістік салада қол жеткізген жетістіктермен қатар басым мәнге ие мәселелердің бірі «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС қызметкерлері үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету болып қалуда. Осы орайда, Компания еңбекті қорғау саласында стандарттардың сақталуына айрықша назар бөлуде. Компанияның өндірістік объектілерінде жарақат алу деңгейін және авариялық жағдайлардың санын азайтуға бағытталған іс-шаралар жүйелі түрде жүргізуде.

2023 жылы жоғары нәтижелерге қол жеткізу – бұл «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС компаниясы қызметкерлерінің, кемелердің капитандары мен экипаждар мүшелерінің, басқадай жағалаулық бөлімшелердің ортақ үлесі.

Сөзімді қорытындылай келе, мен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және серіктестерге құрылымды ынтымақтастық пен бізге деген сенімі, ал «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС бүкіл қызметкерлеріне мінсіз жұмысы және кәсіби шеберлігі үшін алғыс білдіремін. Біз үшін әрбір қызметкердің Компанияның дамуына қосқан жеке үлесі маңызды.

2023 жылғы қорытындылар бойынша мұнай тасымалының шоғырландырылған көлемі

10 778 мың тонна

құрады, бұл 2022 жылғы нақты көрсеткіштен 15 %-ға жоғары болды

Сонның ішінде

Ашық теңіздер бойынша

10 045 мың тонна,

Каспий теңізі бойынша

733 мың тонна.



А.Е. Оржанов

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС
Бас директоры (Басқарма төрағасы)



ЖЫЛДЫҚ ЕСЕПТЕМЕСІ ТУРАЛЫ

«Қазақтеңізкөлікфлоты» Ұлттық Теңіз Кеме Қатынасы Компаниясы» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігінің

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС, ҚТКФ, Компания, Серіктестік) айқындықтың жоғары стандарттарына талпына отырып, өз қызметі, соның ішінде Жылдық есептеме (бұдан әрі – Есептеме) туралы ақпаратты ашық көздерде жүйелі жариялап отырады.

2023 жылғы Жылдық есептеме ҚТКФ қызметін жан-жақты ашып көрсетеді және оны мыналар құрайды:

- 1 негізгі өндірістік және қаржы-экономикалық көрсеткіштер
- 2 Компанияның негізгі оқиғалары мен жетістіктері
- 3 іске асырылған және іске асырылуы жоспарланған инвестициялық жобалар
- 4 қызмет нәтижелерінің бағалымы және саланы дамыту перспективалары
- 5 қауіпсіздік және корпоративтік басқару мәселелері
- 6 тәуекелді басқару жүйесі
- 7 Компанияның меншік құрылымы
- 8 қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, еңбекті және техника қауіпсіздігін басқару жүйесі
- 9 Кадрлық мәселелер, жастар саясаты және әлеуметтік жауапкершілік

Есептеме мақсаты

мүдделі тұлғаларға компанияның жоспарлары, корпоративтік басқару жүйесі, өндірістік және қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы түпкілікті ақпаратты беру.



Сондай-ақ, есептемені «Эрнст энд Янг» ЖШС әзірлеген аудиторлық қорытынды құрайды және осы арқылы берілген деректердің дәйектілігі мен нақтылығы расталады. «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС тұрақты дамуына және барлық мүдделі тұлғалардың алдында айқындықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған қызметін одан әрі жалғастыруда.

ҚТКФ ЖӘНЕ ОНЫҢ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

ҚТКФ Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 4 желтоқсандағы Қаулысымен құрылған және 2011 жылғы 29 сәуірде Қазақстан Республикасының ұлттық теңіз тасымалдаушысы мәртебесіне ие ірі компаниялардың бірі болып табылады.

ҚТКФ меншікті флотының кеме саны 2023 жылы салмағы

13 кеме 300 мың тоннадан жоғары


2 кеме «Caspian Integrated Maritime Solutions Ltd» бірлескен кәсіпорны арқылы «AD Ports Group» бірлесе отырып сатып алынған

ҚТКФ компаниялар тобының құрылымына 100% қатысу үлесімен Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерде тіркелген «Kazmortransflot UK Ltd.», «Kazmortransflot Ltd.», Alatau Shipping Ltd., «Altai Shipping Ltd.» еншілес компаниялары және ҚТКФ 49% қатысу үлесімен бірлескен кәсіпорын «Caspian Integrated Maritime Solutions Ltd.» (бұдан әрі – CIMS, БК) құрады.


ҚТКФ ЦИФРМЕН

Мұнай тасымалы өсімінің тарихы

2001 жылдан 2023 жылға дейін мұнайды тасымалдау (млн. тонна)



1998 жылдан 2023 жылға дейін мұнай тасымалының жалпы көлемі 189 млн тоннаны құрады, соның ішінде:
 - Каспий теңізі – 106 млн. тонна мұнай;
 - Ашық теңіздер – 83 млн. тонна мұнай.



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару жүйесі

ҚТКФ Жарғысына сәйкес басқару органдары мыналар болып табылады:

1. Жалғыз қатысушы - Жоғарғы орган;
2. Қадағалау кеңесі – Бақылау-қадағалау органы;
3. Басқарма – Алқалы атқарушы орган;
4. Тексеру комиссиясы (тексеруші) – Бақылаушы орган (қажеттігіне қарай Жалғыз қатысушының шешімі бойынша құрылады).

Қадағалау кеңесі мен Басқарманың мүшелері Серіктестіктің лауазымды тұлғалары болып табылады.

1. ҚТКФ Жарғысына сәйкес **ҚТКФ Жалғыз қатысушысы** - ҚМГ болып табылады

ҚТКФ Қадағалау кеңесі

ҚТКФ Басқармасының қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган болып табылады және қызметін заңнамаға, ҚТКФ Жарғысына, сондай-ақ ішкі құжаттарына сәйкес ұйымдастырады.

Қадағалау кеңесінің мүшелерін Жалғыз қатысушы кемінде үш мүше адам санымен 3 (үш) жылдан жоғары болмайтын мерзімге тағайындайды.

Қадағалау кеңесін Төраға басқарады, ол Қадағалау кеңесінің мүшелері қатарынан тағайындалады.

2.



2023 жылы
31 мәселе бойынша
Байқау кеңесінің
9 отырысы өтті

ҚТКФ Басқармасы – ҚТКФ ағымдағы қызметін жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган. Басқарма қызметі Жалғыз қатысушы ҚМГ мүдделерін барынша ұстану және Жалғыз қатысушы мен Қадағалау кеңесі алдында есеп беру қағидатына негізделеді.

3.



Тексеру комиссиясы

Тексеру комиссиясы (тексеруші) ҚТКФ қаржы-шаруашылық қызметіне, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жай-күйіне бақылауды жүзеге асыратын бақылаушы орган (қажеттігіне қарай Жалғыз қатысушының шешімі бойынша құрылады).

Тексеру комиссиясы (Тексеруші) ҚТКФ қаржы есептілігін ол міндетті түрде Жалғыз қатысушымен бекітілгенге дейін тексереді.

2023 жылғы желтоқсанның 31-і күніне ҚТКФ Жарғысына сәйкес ҚТКФ Жалғыз қатысушысы тексеру комиссиясын (тексеруші) құру мәселесі жөнінде шешім қабылдамады.

4.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

ҚТКФ стратегиялық бастамалары және қызметінің басым бағыттары ҚМГ Директорлар кеңесі бекіткен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2022-2031 жылдарға арналған Даму стратегиясы (бұдан әрі – Стратегия) шеңберінде айқындалды. Осы Стратегия ҚМГ еншілес және тәуелді компаниялары үшін бірыңғай мақсатты құжат болып табылады. 2 негізгі стратегиялық бағыт және 4 стратегиялық мақсат айқындалды.

Стратегиялық бағыттар:

1

Құнын қалыптастыру

2

Энергетикалық өту

Стратегиялық мақсаттары:

1

ҚМГ компаниялар тобының өсімін қамтамасыз ету үшін ресурстық қордың жеткілікті болуы

2

ҚМГ компаниялар тобының құн тізбегінің тиімділігін арттыру

3

Бизнесті әртараптандыру және өнім қоржынын кеңейту

4

өндірістің тұрақты дамуы және көміртек сиымдылығын бірте-бірте төмендету

ҚМГ 4 стратегиялық мақсатына қолжетімділік 25 стратегиялық бастамашылықты іске асыру арқылы қамтамасыз етілді. ЕТҰ үшін стратегиялық бастамашылықтар қалыптасқан қызмет түрлеріне және даму перспективаларына қарай айқындалып отырды.

ҚМГ компаниялар тобы құны тізбегінің тиімділігін арттыру мақсатында «Теңіз арқылы тасымалдау бойынша синергия» стратегиялық бастамашылығын іске асыру жүзеге асырылды.

Теңіз тасымалына қатысты бастамашылық Каспий өңірінде сияқты Каспий теңізінің акваториясынан тысқары жерлерде орналасқан кеме компаниялары арасында меншікті флоттың жоғары техникалық стандарттарына, теңізде жүзу қауіпсіздігіне, басқарушылық және өндірістік процестерге, қызметкерлердің жоғары кәсіби деңгейіне қолжетімді болу арқылы көлік қызметтерінің сапасы мен тиімділігі бойынша позицияларды сақтап қалуға бағытталды.

Осы бастамашылықты іске асыру ҚТКФ теңіз тасымалы нарығына қатысуымен қамтамасыз етілмекші. Осы бастамашылықтың іске асырылуын қамтамасыз ететін бизнестің үш келешек бағыты көрсетілді:

1) Қара-Жерорта теңізі өңірінде Ұлттық теңіз тасымалдаушының позициясын бекемдеуге бағытталған ашық теңіздерде мұнай тасымалы және Афрамекс және/немесе Суэцмакс үлгісінде ірі салмақты кемелер флотының әлеуетті қуатын арттыру арқылы ашық теңіздерде қазақстандық мұнай жүктерін тасымалдаудың жалпы көлемінде ҚТКФ компаниясының қатысу үлесінің өсуі;

2) ҚТКФ меншікті танкерлерімен, сондай-ақ Каспий теңізінің басқадай порттары арасындағы маршруттар бойынша мұнай тасымалдауға арналған ҚТКФ кемелерін жалға беру арқылы мұнай тасымалы;

3) Флот қызметтерінің нарығында ҚТКФ қатысу үлесінің аясын кеңейту және оффшорлық жобаларға қызмет көрсету бойынша жобаларда өз рөлін күшейту арқылы Каспий теңізінің қайраңында мұнай мен газ кен орындарына қызмет көрсету; аталмыш бағытты дамыту үшін сервистік флоттың мамандандырылған кемелерінің кеме жасауы/оларды сатып алу.

2023 жылғы қызмет қорытындылары бойынша негізгі қызмет бағыттары бойынша мынадай нәтижелерге қол жеткізілді:

- Ашық теңіз – мұнай тасымалы Новороссийск және Джейхан порттарынан Афрамекс үлгісінде ірі салмақты Altai және Alatau танкерлерінің флотымен жүзеге асырылуда. ҚМГ, ҚТКФ және КМГ-Интернэшнл арасында 2018 жылы жасасқан Негіздемелік келісім шеңберінде мұнай тасымалы бойынша белгіленген міндеттемелерді орындау мақсатында тысқары флот бірліктері және 2022 жылы ҚТКФ және ADP компаниясы арасында құрылған пұл танкерлері тартылды. 2023 жылы ҚТКФ басқаруына екінші танкер берілді және бүгінде танкерлердің пұлын 4 танкер, ҚТКФ 2 танкері және ADP 2 танкері құрады. ҚТКФ келешекте танкерлердің пұлын ұлғайту мәселесін пысықтамақшы.
- Каспий теңізі – мұнай мен жүктер тасымалы салмағы 12 000 тонналық «Астана», «Алматы» және «ТК Ақтау» мұнай танкерлерімен, құрғақ жүктерді таситын «Бекет-Ата» және «Түркістан» кемелерімен, құрғақ жүктерді таситын «Барыс», «Сұңқар», «Бүркіт» кемелерімен жүзеге асырылуда. Негізгі бағыттары Әзірбайжан, Ресей, Түрікменстан және Иран порттары болып табылады.
- 2023 жылғы қаңтарда Қазақстан Республикасы және Біріккен Араб Әмірліктері арасында инвестициялық ынтымақтастықты нығайту мақсатында ҚМГ және ADP арасында стратегиялық серіктестік туралы Келісімге тараптар қол қойды. Келісім мақсаты бірлескен кәсіпорын арқылы теңіз тасымалын және логистикалық қызметтерді дамыту саласында жобаларды іске асыру болып табылады. ADP өзара ынтымақтастықты дамыту шеңберінде 2023 жылы ҚТКФ «Астана» халықаралық қаржы орталығы аумағында бірлескен кәсіпорынды құру», «Салмағы 8000 тонналық 2 мұнай танкерін сатып алу» инвестициялық жобаларын іске асырды.
- 2023 жылғы сәуірде CIMS компаниясы танкерлерді сатып алуға «Damen Shipyards» голландық компаниясымен жасасқан келісім шартқа қол қойды. Қазан айында «Тараз» және «Лива» деп аталған кемелердің салтанатты қабылдап алу рәсімі өтті.
- Осы жылдың маңызды оқиғаларының бірі ретінде Ақтау-Баку маршруты бойынша мұнай тасымалын қайта бастау болды. «Баку-Тбилиси-Джейхан мұнай құбыры арқылы 2,5 млн тоннаға дейін қазақстандық мұнайды тасымалдауға 5 жылға жасасқан Келісімге сәйкес ҚТКФ теңіз операторы болып белгіленіп, әзірбайжандық тараппен паритеттік негізде 2023 жылғы наурыздан бастап мұнай тасымалдауды қолға алды.
- Контейнерлер мен құрғақ жүктердің тасымалы Ақтау портынан Әзірбайжан, Иран, Түрікмен, Ресей порттары арқылы жүзеге асырылуда.
- Сервистік флот бірліктерін «Ырғыз», «Ембі», «Талас» сүйреткіштері құрады. 2023 жылы кемелер «Жеңіс Оперейтинг» ЖШС өзара жасасқан шарт бойынша «Жеңіс» учаскесінде барлау жұмыстарының жобасы шеңберінде жабдықтаушы кемелердің қызметтерін ұсынуға тартылды. Шарт мерзімі аяқталысымен 2023 жылғы мамырда сүйреткіштерді ұзақ мерзімді жалға беруге OFCO компаниясымен уағдаластықтарға қол жеткізілді. 2023 жылғы екінші тоқсанда Парсы шығанағына «Ембі», «Талас» сүйреткіштері, желтоқсанда «Ырғыз» жұмылдырылды. Баржаларды пайдалану жөнінде ұсыныстардың және флот бірліктерін пайдалану тиімділігін аттыру бойынша жоспарлардың болмауына байланысты 2023 жылы «ҚМГ-105», «ҚМГ-106», «ҚМГ-107», «ҚМГ-108» баржа-алаңдары сатып өткізілді.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

MSV «Бүркіт» кемесі контейнерлерді таситын кеме түрінде қайта жабдықталды

MSV кемелерінің топтамасын қайта жабдықтау арқылы жаңғырту шеңберінде 2023 жылғы наурызда MSV «Бүркіт» кемесінің контейнерлерді таситын кеме түрінде жабдықталуы аяқталды.

2023 жылғы 07 сәуірде

кеме Ақтау-Говсан (Әзірбайжан) бағыты бойынша алғашқы рейске шықты



Салмағы 8000 тонналық 2 мұнай танкерін сатып алу

Мұнай экспортының баламалы маршруттарын дамыту мақсатында ҚТКФ «Салмағы 8 000 тонналық 2 мұнай танкерін сатып алу» инвестициялық жобасын іске асырды.

«СІМС» бірлескен кәсіпорнымен 2023 жылғы сәуірде танкерлерді сатып алуға «Damen Shipyards» кеме жасау компаниясымен келісім шарт жасасты.

2023 жылғы қарашада

«Тараз» және «Лива» екі су жаңа танкерін салтанатты қабылдап алу рәсімі өтті

2023 жылғы желтоқсанда

танкерлер «Ақтау-Махачкала» маршруты бойынша алғашқы рейске шықты




ҚАРЖЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

КІРІСТЕР (млн.тенге)

ЖОСПАР **69 678** НАҚТЫ **142 927**

ЖОСПАРДАН АУЫТҚУ
73 249
+205%



ШЫҒЫСТАР (млн.тенге)

ЖОСПАР **65 973** НАҚТЫ **130 810**

ЖОСПАРДАН АУЫТҚУ
64 837
+198%



Салық салынғанға дейін табым (шығындар) (млн.тенге)

ЖОСПАР **3 705** НАҚТЫ **12 165**

ЖОСПАРДАН АУЫТҚУ
8 460
328%

КТС бойынша шығыстар (млн.тенге)

ЖОСПАР **755** НАҚТЫ **3 114**

ЖОСПАРДАН АУЫТҚУ
2 358

ҚОРЫТЫНДЫ ТАБЫС (млн.тенге)

ЖОСПАР **2 950**

НАҚТЫ **9 051**

ЖОСПАРДАН АУЫТҚУ
6 101
307%

2023 жылғы қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелері бойынша ҚТКФ қорытынды табысы жоспарланған 2 950 млн теңге табыспен салыстырғанда 9 051 млн. теңгені құрады.

Оның негізгі себептері мыналар болды: «World Scale» тарифтік шәкілі деңгейінің оның ұлғаюы бөлігінде өзгеруіне байланысты ашық теңіз бойынша нақты тарифтің 50%-ға жоғары болуы (нақты – 20,33 АҚШ долл./жоспар – 13,52 АҚШ долл.).

ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

Негізгі көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2023 жыл		ауытқу 2023 нақты / жоспар	%
		Жоспар	Нақты		
Барлығы мұнай тасымалы, соның ішінде:	мың тонна	8 395	10 778	2 383	128 %
• Каспий теңізі бойынша	мың тонна	540	733	193	136 %
- Ақтау-Махачкала бағытында	мың тонна	540	205	-335	38 %
- Ақтау-Баку бағытында	мың тонна	0	528	528	
• Ашық теңіз бойынша	мың тонна	7 855	10 045	2 190	128 %
- Қара теңіз бағытында	мың тонна	3 520	3 605	85	102 %
- Қара теңізден тысқары бағытта	мың тонна	4 335	6 440	2 105	149 %
Барлығы контейнерлерді тасымалдау, соның ішінде:	TEU	49 563	19 868	-29 695	40 %
- Ақтау-Баку бағытында	TEU	30 355	7 381	-22 974	24 %
- Баку-Ақтау бағытында	TEU	19 208	10 167	-9 041	53 %
- Ақтау-Иран бағытында	TEU	0	1 369	1 369	
- Иран-Ақтау бағытында	TEU	0	951	951	
Автомашина тасымалы:	шт.	0	951	951	
Құрғақ жүктерді тасымалдау:	мың тонна	335	134	-201	40%

2023 жылғы қорытындылар бойынша ҚТКФ жалпы мұнай тасымалдау көлемі

10 778 мың тоннаны

немесе 8 395 мың тонна жоспарланған көрсеткішпен салыстырғанда 128 % құрады.

Каспий теңізі арқылы

733 мың тонна

немесе жоспарлы көрсеткішке қатысты 136% (540 мың тонна) құйылмалы жүктер тасымалданды.

Негізгі тасымал маршруттары – Ақтау-Махачкала-Баку болды.

Ашық теңіздер бойынша, атап айтқанда Қара және Жерорта теңіздері бойынша өндірістік көрсеткіштердің орындалуы

10 045 мың тонна


немесе жоспарлы көрсеткішке қатысты 128 % (7 855 мың тонна) құрады.

АҚТАУ ПОРТЫНАН МҰНАЙДЫ ТАСЫМАЛДАУ

2023 жылғы қорытындылар бойынша Ақтау портынан мұнайды ауыстырып тиеу

3 245 мың тоннаны құрады

Ақтау портынан мұнайды 2023 жылға айлар бойынша бөлу арқылы тасымалдау (мың тонна)



■ Ақтау портынан барлығы ■ ҚТКФ күштерімен



Ақтау портынан мұнайды ауыстырып тиеу көлемінің

733 мың тоннасы ҚТКФ үлесіне тиді

МАХАЧКАЛА ПОРТЫНЫҢ БАҒЫТЫНДА МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ

Ақтау портынан Махачкала портының бағытында тасып шығарылған жалпы мұнай көлемі

1 933 МЫҢ ТОННАНЫ
құрады

соның ішінде ҚТКФ үлесіне

205 МЫҢ ТОННА
тиді немесе 6,3 % құрады

Өндірістік жоспарға сәйкес жоспарлы көрсеткіш терге қатысты көрсеткіштердің орындалуы 540 мың тонна немесе 38 % құрады.

Аталмыш желіге «ТК Ақтау», «Алматы», «Тараз» және «Лива» тартылды.



БАКУ ПОРТЫНЫҢ БАҒЫТЫНДА МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ

Қазақстан мұнайының экспорттық бағыттарын әртараптандыру мақсатында ҚМГ мен SOCAR 2022 жылдың қарашасында Ақтау – Баку – Джейхан бағыты бойынша жылына 1,5 миллион тонна мұнай транзитіне қатысты Бас келісімге қол қойды.

Осы Келісімнің шеңберінде 2023 жылдың қаңтарында ҚТКФ мен «SOCAR Midstream Operations LLC» арасында Ақтау-Баку бағыты бойынша мұнайды тасымалдау туралы келісімге қол қойылды, мұнда ҚТКФ Қазақстан тарапынан теңіз арқылы мұнай тасымалдау бойынша теңіз операторы болып тағайындалды. .

2023 жылдың сәуір айында ҚТКФ өзінің Теңіз мұнайымен Баку портына қарай алғашқы рейсін жасады.

Ақтау портынан Баку портына тасып шығарылған мұнайдың қорытынды көлемі

1 088 МЫҢ ТОННА

ҚТКФ, соның ішінде тасып шығарған мұнай көлемі

528 МЫҢ ТОННА

соның ішінде компаниялар:

«Тенгизшевройл» ЖШС
497 МЫҢ ТОННА

Eurasian Trading
& Shipping FZC


31 МЫҢ ТОННА

ТШО МҰНАЙЫНЫҢ КӨЛІК ЭКСПЕДИЦИЯСЫ

Жүктердің көлік экспедициясы бойынша Ақтау портында қызметтерді ұсынуда ҚТКФ қолданып отырған кешенді әдістері ТШО үшін мұнайды жоспарланған тиелім кестесіне сәйкес кемелердің Ақтау портында бос тұрып қалу шығындарынан және өзге шығындар ықтималдығынан аулақ болатындай тасымалдау мүмкіндігін берді. Бұл ҚТКФ жылдар бойы жинаған тәжірибесіне және қызметтерді ұсынудың технологиялық сұлбасына тартылған, соның ішінде:

- «КазТрансОйл» АҚ,
- «ҚТЖ» ҰК, «Каскор-Транссервис» АҚ, сюрвейерлер
- «Ақтау теңіз сауда порты» ҰК» АҚ
- шекара және кеден органдары
- «Ақтау және Баутин порттары Теңіз әкімшілігі» ММ қоса алғанда, бірақ осылармен шектелмейтін өзге операторлармен өзара ынтымақтастықта болу есебінен қолжетімді болды.

2023 жылы ТШО шикі мұнайын тасымалдау (мың тонна)



ҚТКФ бойынша кемелерді оралымды өңдеу мақсатында тәулік бойы жұмыс жасайтын Диспетчерлік қызмет көздерісірілді, бұл кемелердің көлік экспедициясы мен агенттік қызметтерін тәулік бойы жүргізіп отыру мүмкіндігін берді. Оқытылған және даярлықтан өткен диспетчерлік қызметтің персоналы ҚТКФ кемелерімен өзара ақпарат алмасу үшін мамандандырылған тікелей байланысқа ие болады.

Теңіз мұнайын тасымалдау жағдайында ҚТКФ «Ақтау-Сангачал» желісінде өз меншігіндегі «ТК Ақтау» және «Астана» екі танкерін пайдаланды.

Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы Үкімет аралық келісімге сәйкес мұнайды тасымалдау үлесі 50/50 бөлініс көлемімен регламенттелді.

ҚТКФ мүдделерін Каспий теңізінің бүкіл порттарында жүктерді, атап айтқанда теңіз мұнайын тасымалдаумен байланысты барлық мәселелердің оң шешімін қамтамасыз ететін теңіз агенттері ретінде белгіленген агенттер танытты.

Сондай-ақ, ҚТКФ әрекет үстіндегі Ақтау портымен жасасқан келісімге сәйкес танкерлерді порттағы мұнай терминалдарына тұраққа қоюды жүзеге асырды. Аталмыш қызметтерді ТШО өз тарапынан ТШО компаниясына экспедиторлық қызметтерді ұсыну бойынша қолданыстағы шартқа сәйкес ұсынды.



АШЫҚ ТЕҢІЗДЕРДЕ МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ

Қара және Жерорта теңіздерінің
бағытында мұнай тасымалдау көлемі

10 045 мың тоннаны
құрады

оның ішінде

2 955 мың тонна

меншікті флот
бірліктерімен

7 090 мың тонна

жалға алынған кемелермен
тасымалданды

Ашық теңіздерде
тасымалданған мұнай:

Қара теңіз бойынша
3 605 мың тонна

Жерорта теңізі бойынша
6 440 мың тонна

2008-2023 жылдары ашық теңіздерде мұнай тасымалдау (млн. тонна)



КАСПИЙ ҚАЙРАҒЫНДА МҰНАЙ МЕН ГАЗ КЕН ОРЫНДАРЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Көмірсутекті барлау мен өндіруге жасасқан Келісім шартқа сәйкес Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан «Жеңіс» учаскесінде V-1 іздестіру ұңғымасының құрылысын салу шеңберінде 2022 жылғы 23 тамызда 4 жабдықтаушы кемелер мен 3 жәкіркөтегіш кемелердің қызметтерін ұсынуға ҚТКФ және «Жеңіс Оперейтинг» ЖШС арасында шарт жасасты. Қызметтерді ұсыну мерзімі 2022 жылғы тамыздан 2023 жылғы мамырға дейін деп белгіленді.

Шарт талаптарына сәйкес ҚТКФ әрбір кемелі пайдалану мерзімі – 110 (бір жүз он) күнге үш жабдықтаушы кемелі және мерзімі – 10 (он) күнге 2 жәкіркөтегіш кемелі пайдалануға берді. Жабдықтаушы кемелер мына тапсырмаларды орындау үшін берілді:

- V1 бұрғылау ұңғымасының нүктесінде жүзбелі бұрғылау құрылғысының іске қосылуын тексеру және жәкірін тартып бекіту;
- бұрғылау құрылғысына жүктерді, соның ішінде қауіпті жүктерді, жабдықты, отынды, суды, жолаушыларды тасып әкелу және тасып шығару (әкету);
- бұрғылау құрылғысынан контейнерлерге тиелген бұрғылау шламын және өзге өндірістік-тұрмыстық қалдықтарды тасып шығару;
- «Жеңіс» учаскесінде ұңғымалардың құрылысын салу бойынша жұмыстарды жүргізу кезеңінде жұмыс аймағында тұтану жағдайлары орын алған жағдайда, кемелердің өрт сөндіруді жүзеге асыруға даярлығын қамтамасыз ету;
- Тапсырыс берушімен жүргізілген авариялық-құтқару операцияларына және оқу дабылдамасына қатысу.

ТОҚФ (Теңіз операцияларын қолдау флоты) жұмысының қорытындылары

ҚТКФ меншіктену құқығымен «Талас», «Ырғыз», «Ембі» көпмақсатты шөгу деңгейі болмашы

3 кеме бірлігінің меншік иесі болып табылады

2023 жылғы 16 қыркүйекте «Талас» және «Ембі» кемелері бербоут-чартер шарты бойынша БАӘ Аду-Даби қаласындағы «OFCO» компаниясына ұзақ мерзімді жалға берілді. 2024 жылғы қаңтарда «Ырғыз» сүйреткішінің жалға берілуі жоспарлануда.

«OFCO» компаниясымен 3 бірлік сүйреткішке жасасқан бербоут-чартер шарты келісім шарттың әрекет ету мерзімін ұзарту мүмкіндігімен 3 жылға жасасты.



ӘЗІРБАЙЖАН РЕСПУБЛИКАСЫНА КОНТЕЙНЕРЛЕРДІ ТАСЫМАЛДАУ

ТХКМ маршрутында 2023 жыл бойынша тасымалданған

17 548 ЖФЭ контейнер саны

Тасымалдау бағыты:


Ақтау – Баку

7 381 ЖФЭ

Баку –Ақтау

10 167 ЖФЭ

2023 жылы Контейнерлерді тасымалдау (TEU)



Орташа тиелім 52% (Ақтау порты – 46%, Баку порты – 57%).

ИРАН ИСЛАМ РЕСПУБЛИКАСЫНА КОНТЕЙНЕРЛЕРДІ ТАСЫМАЛДАУ

Контейнерлік маршрутты дамыту шеңберінде 2022 жылғы қыркүйекте ҚТКФ «Ақтау – Иран – Ақтау» порттарының бағытында контейнерлер тасымалында контейнерлерді тасымалдайтын кемеңі белсенді пайдаланды.

2023 жылғы қорытындылар бойынша

2 320 ЖФЭ

тасып шығарылды, соның ішінде:

Ақтау порты

1 369 ЖФЭ

Иран порттарынан

951

жеңіл автомашина қосымша тасып шығарылды

Иран порты

951 ЖФЭ



БАСТЫ ЖҮКТЕРДІ ТАСЫМАЛДАУ

2023 жылы құрғақ жүктерді таситын ҚТКФ флотымен

134 мың тонна

басты жүктер, соның ішінде карбамид, полиэтиленмен қоса палеттер, арпа және астық тасып шығарылды

2023 жылы құрғақ жүктерді таситын «Түркістан» және «Бекет Ата» кемелері «Бегдаш – Баку», «Ақтау – Баку», «Астрахань – Каспий теңізінің оңтүстік порттары» және «Каспий теңізінің оңтүстік порттары - Ақтау» маршруттарында пайдаланылды.

2023 жылғы маусымнан шілдеге дейін «Түркістан» кемесін кезекті куәландыруға байланысты құрғақ жүктерді таситын кеме флоты коммерциялық пайдаланудан шығарылды. Осы орайда басты жүктерді тасымалдау жүзеге асырылмады.

Кеме атауы	Маршрут	Жүк түрі	Көлемі, тонна
«Түркістан»	Бегдаш-Баку	Карбамид	35 891
«Түркістан»	Астрахань – Оңтүстік порттары	Астық дақылдары	29 332
«Түркістан»	Ақтау – Баку	Алюминий	4 280
«Бекет Ата»	Ақтау – Баку	Катодты мыс	30 696
«Бекет Ата»	Астрахань – Оңтүстік порттары	Астық дақылдары	26 228
«Бекет Ата»	Оңтүстік порттары - Ақтау	Басқа жүктер	4 856
«Бүркіт»	Ақтау-Говсан	ТЖ рельстері	2109
«Барыс»	Ақтау-Алят	Сорғы штангілері	219
Барлығы:			133 611

2023 жылы Басты жүктерді тасымалдау (мың тонна)



ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

Кеңсе орын-жайында денсаулықты және еңбекті қорғау

2023 жылғы 26 қаңтарда

ҚТКФ Басқармасының шешімімен Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында талаптарды сақтау бойынша қызметкерлердің көшбасшылығы мен бейілділігі кодексі (Кодекс) бекітілді.

Кодекс қағидаттары

ҚТКФ барлық қызметкерлері ҚТКФ бүкіл деңгейлерінде Е және ҚОҚ саласында жауапкершілік құрылымын, оның өкілеттігі мен рөлдерін қалыптастыру және тиісті деңгейде күтіп ұстау үшін мына қағидаттарды ұстануға тиіс:

- **«Кез келген жұмысты қауіпсіз орындауға болады»**
ҚТКФ жүзеге асыратын кез келген қызмет жұмыстарды қауіпсіз орындау әдістерін білуге, Е және ҚОҚ саласында тәуекелді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды уақтылы бағалап, сәйкестендіруге және осыларды болдырмау және қалыпты деңгейде күтіп ұстау үшін бақылау шараларын қабылдауға негізделеді;
- **«Е және ҚОҚ саласындағы жауапкершілік атқарған қызметіне қарай дербес және барабар белгіленеді»**
Қызметкер атқарып отырған қызметтің деңгейі және өкілеттік аясы кеңейген сайын оның жауапкершілігі және Е және ҚОҚ талаптарының сақталуын қамтамасыз етуден күтілетін үлес жоғары болып келеді;
- **«Мен қалыс қалмаймын»**
қауіпті іс-әрекетті және қауіпті жағдайларды байқаған кезде әрбір Қызметкер осымен байланысты Оқыс оқиға ықтималдығын болдыртпауға, тәуекелді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды мейлінше азайтуға тиіс;
- **«Кінәлі қызметкерлерді анықтамаймыз»**
сәйкес келмеушіліктердің түпкілікті (жүйелі) себептерін, Оқыс оқиғаларды тергеу кезінде олардың шешімін табу әдістерін және оларды жою бойынша нәтижелі іс-әрекетті анықтаймыз.

ҚТКФ өмірлік маңызды қағидалары

2023 жылғы 31 мамырда

ҚТКФ Басқармасының шешімімен «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында «Өмірлік маңызды қағидалар» корпоративтік стандарты (ӨМҚ КС) бекітілді, осы шешім негізінде ҚТКФ қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында «Алтын қағидалар» кодексі күшін жойды деп танылды.

ӨМҚ КС жетекші мұнай мен газ компанияларының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында озат халықаралық тәжірибесі негізінде әзірленген жұмыстарды қауіпсіз орындаудың негізгі талаптарын көздестіреді және жұмыс орнында тәуекел және қызметкерлерді қорғау үшін қорғаныс құралдарын/тосқауылдарды тиісті дәрежеде қолдану туралы кәдуілгі, нақты және кезекті ақпаратты береді.



1. Қауіпсіздік шараларын алу



2. Тұйық кеңістік



3. Көлік құралдарын жүргізу



4. Энергия көздерін оқшаулау



5. От жұмыстары



6. От аймағы



7. Жүк көтеру операциялары



8. Рұқсат-наряд



9. Жұмыстарды биіктікте

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

Өрт қауіпсіздігі саласында тексеріс

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы «Өрт қауіпсіздігінің қағидаларын бекіту туралы» № 55 бұйрығына сәйкес Маңғыстау облысының Төтенше жағдайлар департаменті (бұдан әрі – МО ТЖД) ҚТКФ Әкімшілік ғимаратында өрт қауіпсіздігі саласында тексеруді жыл сайынғы негізде жүргізіп отырады.

Охрана здоровья и безопасность труда на судах

2023 жылғы кезеңде ҚТКФ қызметкерлеріне шартқа сәйкес тегін медициналық қызмет көрсетілді. 2023 жылы «Софи Медтоп/ Sofie Medgroup» көпбейінді клиникасымен (бұдан әрі – Орындаушы) өзара шарт жасасып, шарт шеңберінде Орындаушы ҚТКФ қызметкерлері үшін міндетті медициналық тексеруді ұйымдастырып, өткізді. Осы үшін медициналық тексеруге жататын мамандықтар контингенті мен адамдардың тізімі түзіп жасалып, «ҚР ДС СЭБК Маңғыстау облысының Санитариялық-эпидемиологиялық департаменті» РММ өзара келісілді.

Кемеде еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі бойынша инспекция жүргізудің негізгі мақсаты еңбекті қорғау мен өрт қауіпсіздігінің міндетті талаптарын айқындау, еңбекті қорғауды және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды іске асырудың қаржы сияқты уақыттық шығындарын мейлінше азайту болып табылады.

2023 жылы еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі бойынша ішкі инспекциялар «Қауіпсіздікті басқару жөніндегі нұсқаулық» 01-ISM сай сәйкестендірілген чек-парақтар бойынша 11 кемеде өткізілді.

2022-2023 жылдардағы инспекциялар

Аудит жүргізудің бекітілген кестелеріне сәйкес инспекциялар «Талас», «Ембі», «Ырғыз», «ТК Ақтау», «Алматы», «Астана», «Барыс», «Бүркіт», «Сұңқар», «Бекет-Ата» және «Түркістан» кемелерінде жүргізілді.

Радиациялық қауіпсіздік және радиациялық бақылау (РҚ және РБ)

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес теңіз көлігінде 7-жіктелімдегі қауіпті жүктерді тасымалдау мақсатында ҚТКФ «Қазақстан Республикасының аумағы шегінде транзиттік тасымалды қоса алғанда ядерлық материалдарды, радиоактивті заттектерді, иондық сәулеленудің радиоизотопты көздерін, радиоактивті қалдықтарды тасымалдау» қызмет түріне лицензия алды. Лицензиар – «Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті» мемлекеттік мекемесі.

Иондық көздер жүктерінің тасымалы үшін ҚТКФ өндірістік қажеттілікке байланысты дозиметрлерді сатып алуды/жалға алуды және кеңсе орын-жайының персоналы мен кемелердің экипаждары үшін РҚ және РБ курстары бойынша оқу жүргізуді жоспарлауда. Лицензия алынғаннан кейін IMDG халықаралық кодексі шеңберінде ҚР аумағынан тысқары жерлерге теңіз кемелері арқылы тасымалдау үшін кемелерді 7-жіктелімдегі қауіпті жүктерді тасымалдауға куәлік алу үшін сыныптаушы қоғамдарға ұсыну қажет болды.

Сыныптаушы қоғамның Пайдаланудағы кемелерді техникалық қадағалау жөніндегі нұсқаулыққа қоса берілген қосымшаның 7-жіктелімдегі қауіпті жүктерді тасып шығаратын кемелерге қойылатын талаптардың 2.3.2. тармақшасын негізге ала отырып, кемелер 7-жіктелімдегі қауіпті жүктерді тасымалдауға әзірленіп, жабдықталды.

- 7-жіктелімдегі қауіпті жүктерді тасымалдау мүмкіндігі бойынша негіздеме әзірленіп, бекітуге ұсынылды және бекітілді;
- Қоса берілген лицензия және портта кемеі тексеруге ұсыну негізінде сыныптаушы қоғамның 7-жіктелімдегі қауіпті жүктерді тасымалдау туралы куәлігі алынды.

«Барыс», «Бүркіт», «Сұңқар» теңіз кемелері радиациялық қауіпсіздіктің авариялық жинақталымдарымен қамтамасыз етілді.

«Барыс», «Бүркіт», «Сұңқар» теңіз кемелерінде жұмыс орындарын аттестаттау жүргізілді.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Қауіпті қалдықтар

ҚТКФ қалдықтарын басқару жүйесін қалдықтардың пайда болуын қадағалаудың ұйымдық шаралары, оларды жинау, сақтауға алу, кәдеге жарату және залалсыздандыру бойынша бақылау құрайды. Өндіріс пен тұтыну қалдықтарының барлық түрлері өзара жасасқан шарттарға сәйкес олардың жиналуына қарай мамандандырылған мердігерлік ұйымдарға қалған уақытта қайта өндеу үшін тапсырылады.

Өндіріс пен тұтыну қалдықтарының қоршаған ортаға теріс әсерін мейлінше азайту және барлық қалдық түрлерінің пайда болуы, оларды жою және залалсыздандыру процестерін нақтылы жүйелендіру үшін көзделген іс-шаралар қолданыстағы табиғатты қорғау заңнамаларына және сауда мақсатында теңізде жүзу саласында ҚР ратификацияланған халықаралық конвенцияларға сәйкес іске асырылды.

2023 жылы мердігерлік ұйым («West Dala, Вест Дала» ЖШС) қауіпті қалдықтардың тасып шығарылуын және оларды кәдеге жаратуды ұйымдастырды.

Ағынды сулар

Есепті кезең уақытында барлық ағынды сулар оларды кейігі уақытта тазалау (кәдеге жарату) үшін мамандандырылған мердігерлік ұйымдарға («West Dala, Вест Дала» ЖШС) жағалаулық қабылдап алу имараттарына тапсырылды.

Шартты-таза суларды талдамалық бақылау

Кемелердің жалпы кемелік жүйелері мен энергетикалық қондырғыларынан Каспий теңізінің акваториясына шығарылатын шартты-таза сулардың сапасына бақылау бойынша жұмыстр жүргізілді. Есепті жыл кезеңінің уақытында «Орталық Сараптама Топ» ЖШС өзара жасасқан 2023 жылғы 7 ақпандағы 812051/2023/1 шартқа сәйкес кемелерден Каспий теңізінің акваториясына шығарылатын шартты-таза суларды талдамалық бақылау 4 кезеңмен жүргізілді. Рауалы қойырлық шегінен асыру жағдайлары тіркелмеді.

Жергілікті көздердің шығарындылары

Есепті кезең уақытында атмосфераға жергілікті көздерден ластаушы заттектер шығарындылары белгіленген нормативтердің шегінде шығарылды, ешбір ингредиент бойынша асыру жағдайларды тіркелмеді.

Кемелерден жүргізілген экологиялық инспекциялар (ЭИ)

Инспекцияның негізгі мақсаты кемелің экологиялық жай-күйін, деңгейін және қоршаған табиғи ортаға ықпал ету сипаттамасын айқындау, қоршаған ортаны қорғау саласында заңнамалық талаптарды, нормалар мен қағидаларды, халықаралық конвенцияларды сақтау болып табылады.

2023 жылы сәйкестендірілген чек-парақ бойынша 10 кемеге экологиялық инспекция жүргізілді, анықталған ескертпелер сапалы және Компанияның қауіпсіздікті басқару жөніндегі нұсқаулығының (01-ISM) 12.5. тармағына сәйкес мерзімде жойылды.

«Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 13.12.2005 жылғы №93-III ҚРЗ сәйкес ҚТКФ міндетті экологиялық сақтандыруға шарт жасасты, оның объектісі ретінде ҚР азаматтық кодексімен белгіленген, үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) авариялық ластану нәтижесінде қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты шаруашылық және өзге қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын тұлғаның мүлдіктік мүдделігі болды.

2023 жылғы кезеңде міндетті экологиялық сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайлары тіркелмеді.

Табиғатты қорғау қызметіне баса назар аудару, қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерді мейлінше азайту, сондай-ақ жаңа экологиялық талаптарға және жаһандық қарқындылыққа сәйкес болу үшін тиісті шараларды қабылдау мақсатында ҚТКФ «Жерге бір сағат» атты науқанды ұйымдастырып, оған қатысу сияқты іс-шараларды, әкімшілік ғимараттың аумағын ағаштар мен көшеттерді отырғызу арқылы көгалдандыру, Халықаралық Каспий Күніне орайластырылған сенбілікті өткізу сияқты іс-шараларды іске асырды.

Мемлекеттік энергетикалық тізілімді қалыптастыру және оны жүргізу қағидасының 5-тармағына сәйкес «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС мемлекеттік энергетикалық тізілімнің субъектісі ретінде Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы ұлттық даму институтына МЭТ субъектісінің есепті жыл бойынша энергетикалық ресурстарды тұтынуы туралы ақпаратты 1 сәуірге дейін мерзімде жыл сайын беріп отырды.

КЕМЕЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ҚАУІПСІЗДІГІ

ҚТКФ жұмысының басты қағидаттарының бірі халықаралық стандарттардың талаптарын сақтай отырып, оларды компанияда қалыптасқан менеджмент жүйелеріне қолданысқа енгізу арқылы кемелердің қауіпсіз, тиімді және экономикалық пайдаланылуын қамтамасыз ету болып табылады.

ҚТКФ теңіз индустриясында көшбасшы ретінде лайықты орнын бекемдеу, бәсекелік артықшылығын және тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында ҚТКФ жыл сайынғы негізгі міндеттерінің бірі Қауіпсіздікті басқару жүйесінің (бұдан әрі – ҚБЖ) тиімділігін арттыру болып табылады. Компанияда ҚБЖ 2006 жылдан бастап қолданысқа енгізілді және Сыныптаушы қоғаммен Кемелерді қауіпсіз басқару және ластануды болдырмау жөніндегі халықаралық кодекс (ХҚБК) талаптарына сәйкес мақұлданды.

2023 жылы ҚТКФ бойынша осы бағытта тиісінше іс-шаралар өткізілді:

Танкерлік флот

- ТШО жүктерін тасымалдау бойынша шарт шеңберінде мұнай кемелерінің SIRE веттинг инспекциясынан өтуіне әзірлік жүргізілді. SIRE инспекциясын жүргізу уақыты: «ТК Ақтау» - 2023 жылғы 26 қаңтар, 17 шілде, 28 желтоқсан, «Астана» - 2023 жылғы 21 наурыз, 23 қазан деп белгіленді. Өткізілген инспекциялардың қорытындылары Тапсырысшы ТШО тарапынан қанағаттанарлық деп танылды.
- «Bureau Veritas» теңіз сыныптаушы қоғамының тарапынан жүргізілетін куаландыруға «Тараз» және «Лива» кемелерінің әзірлігін жүргізу және кемелерді коммерциялық пайдалануға беру бойынша қолға алынған жұмыс ойдағыдай аяқталды. Әзірлік жүргізу процесінде кемелерге радио лицензиялар, ту, меншік иесі, ең аз құрам туралы куәліктер, шұғыл ден қою, кемелердің жүзу аймағын анықтау және қашықтан қадағалау қызметімен шарт ресімделді.

Құрғақ жүктерді таситын кеме флоты

- ТШО жүктерін тасымалдау бойынша шарт шеңберінде мұнай кемелерінің SIRE веттинг инспекциясынан өтуіне әзірлік жүргізілді. SIRE инспекциясын жүргізу уақыты: «ТК Ақтау» - 2023 жылғы 26 қаңтар, 17 шілде және 28 желтоқсан, «Астана» - 2023 жылғы 21 наурыз және 23 қазан деп белгіленді. Өткізілген инспекциялардың қорытындылары Тапсырысшы ТШО тарапынан қанағаттанарлық деп танылды.
- «Bureau Veritas» теңіз сыныптаушы қоғамының тарапынан жүргізілетін куаландыруға «Тараз» және «Лива» кемелерінің әзірлігін жүргізу және кемелерді коммерциялық пайдалануға беру бойынша қолға алынған жұмыс ойдағыдай аяқталды. Әзірлік жүргізу процесінде кемелерге радио лицензиялар, ту, меншік иесі, ең аз құрам туралы куәліктер, шұғыл ден қою, кемелердің жүзу аймағын анықтау және қашықтан қадағалау қызметімен шарт ресімделді.

Оффшорлық флот


- «Ырғыз» сүйреткішін су бетінен көтеріп алу мезгілінде оның қауіпсіз тұрағын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу, оның ҚР ТПӘ және «Ресей теңіз кеме тіркелімі» сыныптаушы қоғамымен келісілуін жүргізу; «Талас», «Ембі» және «Ырғыз» сүйреткіштерін қуып жеткізу бойынша жоба шеңберінде кемелерге олардың жүзу аймағына сәйкес, соның ішінде РФ ІСЖ өз бетімен жүзіп өту бойынша арнайы қағиданы, сондай-ақ кемелердің қарақшылық тәуекелі жоғары сулар арқылы жүзіп өтуін қоса алғанда талдау және кеме жинақталымын жүргізу;
- ҚМГ 105, 106, 107, 108 баржа-алаңдарын сатып өткізу шеңберінде ТМҚ түгендеу, оларды Баутин портындағы қоймаға ауыстырып көшіру, құжаттарды, қабылдап алу-тапсыру актілерін әзірлеу және кейінгі уақытта кемелерді сатып алушыға тапсыру;
- «Жеңіс» жобасы бойынша тасымалдау үшін радиоактивті материалдар жөніндегі маманмен бірлесе отырып Ақтау портында ионды сәулелену көздерінің тиеліміне бақылау жүргізу, қажетті құжаттарды пысықтау және мақұлдау.

Қауіпсіздікті басқару жүйесі

- 2023 жылғы кезеңде «ТК Ақтау», «Астана» және «Алматы» кемелері үшін ҚБЖ мына рәсімдері жаңартылды: SOLAS рәсімі, мұнай өнімдерін бір кемеден екінші кемеге қотарып құю рәсімі, адамды су бетінен көтеріп алу рәсімі, теңізде жүзу қауіпсіздігі бөлігінде TMSA стандарттарына сәйкес болу үшін «Кемені қауіпсіз басқару жөніндегі нұсқаулық» 02-ISM ҚБЖ рәсімін жаңарту;
- «Тараз» және «Лива» кемелерін коммерциялық пайдалануға беру шеңберінде ХҚБК және СОЛАС талаптарына сәйкес келу мақсатында СОЛАС жөніндегі практикалық нұсқаулық, мұнай өнімдерін бір кемеден екінші кемеге қотарып құю рәсімі, адамды су бетінен көтеріп алу рәсімі, арқанға байлау жүйесін басқару жоспары, техникалық қызмет көрсету жүйесі сияқты рәсімдерді әзірлеу;
- Құрғақ жүктерді таситын «Бекет Ата» және «Түркістан» кемелері үшін СОЛАС (SOLAS training manual) жөніндегі Практикалық нұсқаулық рәсімін әзірлеу және бекіту;
- «Барыс» кемесі үшін СОЛАС жөніндегі Практикалық нұсқаулыққа тиісті түзетулерді енгізу;
- ТК Ақтау», «Астана», «Алматы» «Бекет-Ата», «Бүркіт», «Сұңқар» және «Барыс» кемелерімен «кеме – жағалау» оқу-жаттығулары өткізілді. Барлығы 7 оқу-жаттығулар мына тақырыпта өткізілді: өртке қарсы күрес, кемені қалдырып кету, кеменің қақтығысуы және қайырға тұрып қалу, кемені авариялық жағдайда басқару, «борт сыртында адам» және «медициналық эвакуация».

Ту әкімшілігімен, сыныптаушы қоғаммен өзара іс-қимыл жасау

- Ресей Федерациясының, Әзірбайжан мен Иранның порттарына кеме кіруі кезінде кемелердің экипаждарына инспекторлардың тарапынан порттық бақылаудан өтуде ықпалды жәрдем көрсетілді; 2023 жылғы кезеңде компанияның кемелерінде 25 PSC (Port State Control) инспекция өткізілді. Өткізілген инспекциялардың қорытындылары бойынша кемелерді ұстап қалуға себепші болған кемшіліктер анықталмады;
- «Барыс» кемесінің бас жүктері үшін ҚР Ту әкімшілігінен радиоактивті жүктерді тасып шығаруға рұқсат алынды;
- ҚР Ту әкімшілігінен «Ырғыз», «Талас» және «Ембі» сүйреткіштерінің Доминикан Достастығы туы астында жүзуге рұқсат алынды.



КАДРЛЫҚ, ЖАСТАР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТАР

Персоанлды жоспарлау ҚТКФ стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне, сондай-ақ Жалғыз қатысушының талаптарына сәйкес жүзеге асырылды.



2023 жылы ҚТКФ штат саны

130 бірлікті құрады

соның ішінде: Әкімшілік персонал (ӘБП) **64** бірлік
Өндірістік персонал (ӨП) **66** бірлік



2023 жылғы желтоқсанның 31-і күні нақты қызметкерлер саны

93 бірлік

соның ішінде: Әкімшілік персонал (ӘБП) **53** бірлік
Өндірістік персонал (ӨП) **44** бірлік

2023 жылғы желтоқсанның 31-і күніне штат қызметкерлерінің нақты адам саны	Барлығы	30 жасқа дейін	31 жастан 50 жасқа дейін	51 жастан жоғары
Қызметкерлердің жалпы саны	93	12	70	11
• Соның ішінде, ер адамдар	63	8	49	6
• Соның ішінде, әйел адамдар	30	4	21	5

- ҚТКФ қызметкерлерінің неғұрлым меншікті салмағы 23-тен 50-ге дейін жас шамасына шақ келді, бұл бүкіл ҚТКФ құрамының 88,17 % құрады, соның ішінде әйел адамдар - 26,8 %;
- ҚТКФ қызметкерлерінің орташа жас шамасы 41 жасты құрады;
- Қызметкерлердің теңіз саласында орташа жұмыс өтілі 12 жыл құрады;
- Екі мәрте жоғары оқу білімін алған персонал нақты қызметкерлер санының 35% құрады, магистратураны тәмамдағандар – 11 % болды.

ҚТКФ персоналын іріктеу «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС бос қызмет орындарына конкурстық іріктеу және персоналдың бейімделу қағидасы» ҚТКФ.026 КСТ сәйкес жүзеге асырылды, осылайша 2023 жылы ҚТКФ жұмысқа 10 адам, соның ішінде ӘБП – 6 адам, ӨП – 4 адам қабылданды.

Есепті кезең ішінде 9 қызметкермен еңбек қатынастары бұзылды, соның ішінде ӘБП – 7, ӨП – 2 адам.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ түрлі наградаларымен 13 адам, соның ішінде Естелік белгісімен – 5 адам, Құрмет грамотасымен – 8 адам наградталды.

Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылым даму министрлігі (Көлік министрлігі) наградаларымен 8 адам наградталды, соның ішінде: Медальмен - 1, кеуде белгісімен - 5, Құрмет грамотасымен - 2 адам наградталды.

Кадрлардың тұрақтамауы 2022 жыл бойынша 16,8 %, соның ішінде ӘБП - 9,3%, ӨП - 6,9% салыстырғанда 2023 жыл бойынша 10,4 %, соның ішінде ӘБП - 8,1%, ӨП – 2 % құрады.

Персоналды оқыту және дамыту

ҚТКФ персоналды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру ҚТКФ қызметкерлерін оқыту және дамыту қағидасына сәйкес жүргізілді.

№	Өткізілген семинарлар мен тренингтердің тақырыптары	Адам саны
1	Сатып алулар қағидасына сәйкес сатып алуларды жүзеге асыру. 2023 жылғы өзгерістерді ескере отырып АЭСЖ 2.0 электрондық сатып алулар жүйесінде жұмыс жасау	4
2	«Самұрық-Қазына» АҚ Қоры сатып алуларында тауарлар бағаларын жоспарлау	2
3	«Менеджмент-тәуекел» тренингі	1
4	Шарттық құқық	1
5	MARINE INSURANCE & CLAIMS сертификаты	1
6	Санкциялық тәуекелді басқару жөніндегі ICA сертификаты	1
7	«Microsoft Project 2019 қоса Жобаларды басқару»	2
8	ISO 9001, 14001, ISO 45001 және ISO 19011 бойынша МБЖ ішкі аудиторы	1
9	ӘШБ / Әкімшілік-шаруашылық қызметінің басшысы	1
10	«ХҚЕС жаңалықтары: соңғы өзгерістер және практикалық аспектілер»	1
11	«HR School» шеңберінде модульдік программа, 7 модуль	1
12	Теңіз қоршаған ортаны қорғау (MARPOL 73/78)	1
13	Радиациялық қауіпсіздік және радиациялық бақылау	5
14	Халықаралық конвенциялардың талаптарына сәйкес қосымша кәсіби білім алу бағдарламасы	4
15	«Аудит және ілеспе қызметтер» АССА даярлық курсы	1
16	Diploma Chief Compliance Officer (Санкциялық тәуекелді басқару, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс, Тәуекелді корпоративтік басқару)	1
17	Корпоративтік қаржы. Қаржы сауаттылығы.	1
18	ҚР Экологиялық кодексі. Қоршаған ортаға әсерді бағалау (ОВОС)	1
19	Қауіпсіздік қызметінің басшысы (1 модуль)	1
20	«Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобында сатып алуларды жүзеге асырудың жаңа тәртібі	1
21	«2020-2021 жылдардағы және 2023 жылғы өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасы»	1
22	Келісу комиссиясының мүшелері үшін еңбек заңнамасы	6
23	2006 жылғы Теңіз кеме қатынасында еңбек туралы конвенция шеңберінде еңбек қатынастарын реттеу (ХЕК конвенциясы)	1
24	Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті	4
25	Өрт-техникалық минимум	75
26	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау	43
27	Өзгерістерді басқару және тәуекелді басқару	30
	Барлығы:	194

Студенттердің практикасын басқару

№	Оқу орнының атауы	Практика түрінің атауы	Мамандығы	Департа-мент атауы	Практикант саны
1	ҚБТУ жанындағы Қазақстан теңіз академиясы (ҚТА)	жүзу	«Кеме жүргізу»	GC «Berkut», GC «SUNKAR» және GC «BARYS»	12
2	ҚБТУ жанындағы Қазақстан теңіз академиясы (ҚТА)	жүзу	«Кемелік және энергетикалық қондырғыларды пайдалану», «Кеме жүргізу»	ТК «Алматы», «Астана», «Ақтау»	6
3	ҚБТУ жанындағы Қазақстан теңіз академиясы (ҚТА)	жүзу	«Кеме жүргізу»	GC «SUNKAR»	1
4	Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті	диплом алды	«Халықара -лық қатынастар»	Қызметкерлер құрамын басқару бөлімі	1
5	КМТИУ жанында Қазақстан теңіз академиясы (ҚТА)	жүзу	«Кемелік және энергетикалық қондырғыларды пайдалану», «Кеме жүргізу»	ТК «Алматы», «Ақтау»	6
6	«Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КЕАҚ	диплом алды	«Көліктегі логистика»	Флотты коммерциялық пайдалану қызметі	1
7	«Қазақ технологиялар және бизнес университеті» АҚ	өндірістік	«Мұнай мен газ ісі»	Астана қаласындағы Корпоративтік мәселелер жөніндегі бөлім	1
8	Сулейман Демирель атындағы университет	өндірістік	«Ақпараттық жүйелер»	Ақпараттық технологиялар секторы	1
9	«Адмирал С.О.Макаров атындағы МТӨФУ» ЖБ ФМББМ	жүзу	«Кеме жүргізу»	ТК «Алматы»	1
10	«Адмирал Ф.М.Апраксин атындағы МТӨФУ» ЖБ ФМББМ	жүзу	«Кемелік және энергетикалық қондырғыларды пайдалану»,	ТК «Алматы»	1
11	АО «Международный университет информационных технологий»	өндірістік	«Желілік қауіпсіздік»	Бизнесті дамыту қызметі	1
12	«De Montfort University Kazakhstan»	өндірістік	«Бизнесті басқару»	Қызметкерлер құрамын басқару бөлімі	1
13	ҚБТУ жанындағы Қазақстан теңіз академиясы (ҚТА)	жүзу	«Кеме жүргізу»	GC «SUNKAR»	1
14	ҚБТУ жанындағы Қазақстан теңіз академиясы (ҚТА)	жүзу	«Кемелік және энергетикалық қондырғыларды пайдалану»,	GC «BARYS»	1
15	ҚБТУ жанындағы Қазақстан теңіз академиясы (ҚТА)	жүзу	«Кеме жүргізу»	GC «Berkut», GC «SUNKAR»	3
16	ҚБТУ жанындағы Қазақстан теңіз академиясы (ҚТА)	жүзу	«Кемелік және энергетикалық қондырғыларды пайдалану»,	ТК «Астана»	1



Әлеуметтік саясат және тұрақтылық

ҚТКФ бойынша әлеуметтік-психологиялық жағдайды жақсарту үшін ҚТКФ Бірыңғай ішкі коммуникациялар жүйесінің регламентіне сәйкес ҚТКФ Бас директоры (Басқарма төрағасы) ҚТКФ еңбек ұжымымен әрбір жарты жыл сайын есеп беру басқосуларын өткізіп отырды.

Сондай-ақ, жұмыс процестерін неғұрлым терең талқылау және туындаған проблемаларды уақтылы шешу үшін ҚТКФ функционалдық блоктарының басшылары өздері жетекшілік ететін бөлімшелердің қызметкерлерімен басқосулар өткізді.

Уәждемелеу және материалдық ынталандыру мақсатында ҚТКФ Қадағалау кеңесінің 2023 жылғы 8 наурыздағы шешімімен (N°01-23/ҚК хаттама) әкімшілік-басқарушы және өндірістік персоналдың еңбек жалақысы 9,5 %-ға өсті.

Осымен бірге, «Әкімшілік-басқарушы және өндірістік персоналға еңбекке ақы төлеу қағидасы» ҚТКФ.093 сәйкес барлық ҚТКФ тізімдік құрамына мерекелік сыйлықақы уақтылы төленіп отырды, сондай-ақ ҚТКФ 25 жылдық мерей тойы қарсаңында сыйлықақы төленді. Қызметкерлерге тоқсандық сыйлықақы «Әкімшілік және өндірістік персоналдың қызметін бағалау» ҚТКФ.093.КСТ сәйкес төленіп отырды.

ҚТКФ қызметін жүзеге асыру барысында ҚТКФ қызметкерлері өңіріміздің, тұтастай ҚМГ және ҚТКФ қоғамдық-елеулі іс-шараларына, соның ішінде:

- Әкімшілік-шаруашылық бөлімнің бас маманы А.С.Есниязова ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерінің арасында өткізілген «Үздік маман-2023» конкурсының ашылуы мен жабылуына орайластырылған концерттерге қатысты;
- ҚМГ компаниялар тобы арасында волейбол (әйел адамдар мен ер адамдар командалары), жүзу, стол теннисі, шахмат, арқан тарту сияқты спорт түрлері бойынша жыл сайын өткізілетін Спартакиадаға белсенді қатысты;
- Ақтау қаласында 9 мамыр Жеңіс күнін тойлау аясында ҰОС ардагерлерін құттықтады;
- Ақтау қаласының жағалау аймағында сенбілік өткізді;
- «Ақтау теңіз сауда порты» ҰК АҚ 60 жылдық мерей тойын атап өтуге орай «Ақтау теңіз сауда порты» ҰК АҚ, «Құрық порты» ЖШС, «Ақтау теңіз солтүстік терминалы» ЖШС және «KTZ Express» АҚ өкілдігі арасында өткізілген Көңілді тапқырлар клубының конкурсына қатысты;
- ҚТКФ 25 жылдық мерей тойына орай «Ақтау теңіз сауда порты» ҰК АҚ, «Құрық порты» ЖШС, «Ақтау теңіз солтүстік терминалы» ЖШС «Теңіз-Сервис» ЖШС сияқты компаниялардың волейбол бойынша жарыстарын ұйымдастырды.

Қызметкерлер үшін қалыпты жағдайларды қалыптастыру мақсатында, сондай-ақ әлеуметтік-еңбек қатынастарын бір ізге түсіру үшін ҚТКФ бойынша әртүрлі материалдық көмек түрлері көрсетілді, қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелері үшін жыл сайын медициналық сақтандыру жүргізілді, қызметкерлердің балалары жаңа жылғы сыйлықтармен қамтамасыз етілді.

2023 жылғы тамызда қызметкерлердің 38 баласы ҚТКФ 2 қызметкерінің еріп жүруімен Алматы облысында «Арман Дала» балалар сауықтыру лагерінде демалып қайтты.



КОРПОРАТИВТІК ҚАУІПСІЗДІК

ҚТКФ корпоративтік қауіпсіздігі компанияның корпоративтік мәдениеті мен құндылықтарын қолдауға, қызметкерлердің, қаржы және техникалық құралдардың, мүліктің, технологиялардың, өндірістік процестердің, басқарушы және коммерциялық қызметтің түрлі қатерлерінен қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталды.

ҚТКФ өндірістік қызметті халықаралық талаптарға, экономикалық, ішкі, жеке және ақпараттық қауіпсіздікті (кибер қауіпсіздік) қамтамасыз ету саласында Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына толықтай сәйкестікте жүзеге асыруды жорамалдайтын бизнесті жүргізу бойынша міндеттемелерді орындауды өз мойнына алды.

Ішкі қауіпсіздік

Корпоративтік қауіпсіздікті сақтау бөлігінде Компанияда ішкі бейне бақылау жүйесінің аясы кеңейтілді, ғимаратқа қолжетімділікті бақылау және басқару жүйесі жетілдірілді. ҚТКФ ғимаратына кіріп-шығу биометрикалық деректер (адамның бет-әлпетін тану), автомашиналардың автопаркингке кіріп-шығуы - мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін тану арқылы жүзеге асырылуда.

Ақпараттық қауіпсіздік

ҚТКФ бойынша ақпараттық қауіпсіздікті сақтау және бақылау мақсатында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында заңнамалық талаптарды және халықаралық стандарттарды бақылау тұрақты негізде жүзеге асырылуда, жұмыс станцияларын зиянды программалық жасаудың болуы мәніне тексеру қамтамасыз етілуде, «Active Directory» пайдаланушылары туралы мәлімет өзектендірілуде.

- 2023 жылға жоспарланған интернет желісіне Бірыңғай интернет қолжетімділік шлюзі арқылы (БИҚШ) қосылу мәселесі пысықталды;
- орталықтандырылған «Directum» электрондық құжат айналымы жүйесі қолданысқа енгізілді;
- бірыңғай деректерді беру желісіне қосыла отырып ҚМГ бірыңғай домендік архитектура жүйесіне қосылып бірігу бөлігінде «ОРДА» жобасы ойдағыдай жүзеге асырылды.

ҚТКФ мыналарды қамтамасыз етеді:

- әсіресе сатып алулар саласында алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау бойынша сақтандыру-алдын алу іс-шараларын іске асыру, ұрлыққа және ақшалай қаражатты мақсатына қарай қолданбауға, қызметтік өкілеттіктерін теріс және асыра пайдалануға және өзгесіне жол бермеу арқылы **экономикалық қауіпсіздік;**
- ішкі қатерлердің жүйелі алдын алу және олардан сақтандыру арқылы **ішкі қауіпсіздік;**
- заңнама талаптарына сәйкес **жеке қауіпсіздік;**
- кибер шабуылдардан келтірілген залал және уыстан шығарып алуды, ақпараттық ресурстарға заңсыз қолжетімділікке жол бермеу, «Кибер қалқан» жобасының негізінде Компания бойынша қолданысқа енгізілген Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің жұмысын және нәтижелігін арттыру арқылы **ақпараттық қауіпсіздік.**



МЕНЕДЖМЕНТ-ТӘУЕКЕЛ

ҚТКФ бойынша менеджмент-тәуекел тәуекелді басқару жүйесінің мақсаттары мен міндеттерін, жұмысының негізгі қағидаттарын, құрылымын және ұйымдастыру әдістерін, тәуекелді басқаруды айқындайтын саясатқа сәйкес жүзеге асырылады. Корпоративтік тәуекелді басқару жүйесінің негізгі мақсаты – өндірістік және өндірістік емес тәуекелге жүйелі талдау жүргізу, тәуекелді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеу, сондай-ақ оңтайлы тәуекел-талғам деңгейін бақылау және қолдау арқылы компанияның операциялық мақсаттарына қол жеткізу болып табылады. Тәуекелді басқару жүйесін дамыту «Ұйымдардың тәуекелін басқару. Біріктірілген үлгі» COSO, «Тәуекел менеджменті. Қағидаттар мен басшылыққа алу нұсқаулары» ISO 31000: 2018, «Тәуекел менеджменті. Тәуекелді бағалау әдістері» ISO 31010: 2011 халықаралық стандарттарына негізделді.

ҚТКФ тәуекелді болдыртпауға немесе олардың іске асырылуының ықтималдығын мейлінше төмендетуге бағытталған жүйелі және біржолғы іс-шараларды жүргізіп отырды. Оның бірінші кезектегі бағыттары ретінде теңізде жүзу қауіпсіздігі, әлемдік фрахт нарығына жүргізілетін мониторинг, флотты жаңғырту мен жаңарту, табиғатты қорғау шараларын жоспарлау және оларды қолданысқа енгізу, теңіз көлігін нормативтік реттеу өзгерістеріне жүргізілетін мониторинг және кадрлық саясатты жақсарту болып табылады.

КОМПЛАЕНС ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағын орындау шеңберінде ҚТКФ Қадағалау кеңесінің 2022 жылғы 24 мамырдағы №03-22/ҚК шешімімен ҚТКФ құрылымына жеке штаттық бірлікпен комплаенс-офицер енгізілді. Оның міндеттерінің бірі елеулі мәнге ие комплаенс пен сыбайлас жемқорлық тәуекелінің тиісті тәртіппен басқарылып отырғанына дәйекті сенімділікті қамтамасыз ететін тиімді комплаенс жүйесін құру болып табылады.

Комплаенс-офицер Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын сақтауды, комплаенс мәселелері бойынша саясаттарды қабылдауды, заңнамаға және үздік халықаралық практикаларға сәйкес айқындық пен сенімділікке негізделген ішкі корпоративтік мәдениетті қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Комплаенс-офицердің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1. ҚТКФ және оның қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарынан сақтандыру және одан аулақ болу құралдарын қолданысқа енгізуді қамтамасыз ету;
2. ҚТКФ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау бойынша шаралар жүйесін тиімді іске асыру;
3. ҚТКФ бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекеліне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;
4. комплаенс мәселелері бойынша сыртқы реттеуші талаптар мен халықаралық практиканы ұстануды қоса алғанда ҚТКФ құрылымдық бөлімшелерінің ҚР заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, соның ішінде сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жасау, ішкі қағидаларды, рухани-этикалық нормаларды сақтау;
5. ҚМГ реттеуші органдарымен және комплаенс қызметімен өзара іс-қимыл жасау;
6. комплаенс Бағдарламасын/Жоспарын жыл сайынғы негізде әзірлеу және оның орындалуын бақылау;
7. комплаенс саласында стандарттар мен саясаттарды әзірлеу және өзектендіру;
8. мүдделі құрылымдық бөлімшелермен және құрылымдық бірліктермен бірлесе отырып, контрагенттерге кешенді тексерістерді жүргізу;
9. бастамалық хабарландыру желісін қолданысқа енгізу;
10. комплаенс саясаттарының коммуникациясы және оларды қолданысқа енгізу; ;
11. комплаенс бағыттарын қадағалау және бақылау;
12. комплаенс саясаттарының бұзушылықтарына жол берілген жағдайда тергеу жүргізу;
13. бастамалық хабарландыру желісіне келіп түскен хабарламалар бойынша тергеу жүргізу.

Комплаенс саласында жоспарлардың орындалу деңгейі

1 ҚТКФ қызметкерлерімен коммуникациялар тұрақты негізде жүргізіліп отырады (сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау бойынша жаңалық дайджестерін және өзге ақпаратты жолдап отыру)

2 Сыбайлас жемқорлықтан сақтандыру және оған қарсы іс-қимыл жасау мәселелерін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттар әзірленіп бекітілді, атап айтқанда:
- 2023 жылғы 20 наурыздағы Іскерлік этика кодексі (№02-23/ҚК хаттама);
- 2023 жылғы 7 наурыздағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясат (№01-23/ҚК хаттама);
- 2023 жылғы 7 наурыздағы (№01-23/ҚК хаттама) ҚТКФ және оның ЕҰ қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер тартысын реттеу саясаты;
- 2023 жылғы 7 наурыздағы (№01-23/ҚК хаттама) ҚТКФ және оның ЕҰ контрагенттерінің сенімділігін тексеру саясаты;
- 2023 жылғы 24 ақпандағы (№ 04 хаттама) Санкциялық саясат;
- 2023 жылғы 26 маусымдағы (№04-23/ҚК хаттама) Комплаенс бағдарлама; (Протокол №04-23/НС)

3 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің қызметкерлерінің қатысуымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалық мәселелер жөнінде түсіндірме жұмыс жүргізілді

4 Салық қызметі қызметкерлерінің қатысуымен жеке тұлғалардың кірістері мен мүлкін жалпылама декларациялау мәселелері жөнінде түсіндірме жұмыс жүргізілді

5 ҚТКФ қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы келісімдерге қол қойды

6 Қаржылық бақылауды қамтамасыз етуді жүзеге асыру мақсатында ҚТКФ қызметкерлері уәкілетті органдарға активтер мен міндеттемелер, сондай-ақ кірістер мен мүлік туралы декларациялардың берілуін қамтамасыз етті

7 Қордың Сатып алулар тәртібіне сәйкес бір көзден жүргізілетін сатып алуларды пысықтау және келісу бойынша жұмыс жүргізілді

8 Жұмыс орнында сыйлықтарды сыйға тарту немесе оларды сыйға алу фактілерін болдырмау жөнінде түсіндірме жұмыс жүргізілді

9 Іскерлік этика кодексі жөнінде түсіндірме жұмыс жүргізілді

10 Жедел желіге қатысты түсіндірме жұмыс жүргізілді

11 ҚТКФ бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау тақырыбында семинар өткізілді

12 Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне мониторинг және ішкі талдау жүргізілді

13 Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне ішкі талдау жүргізілді, осының нәтижесінде:
- 4 тәуекел анықталды;
- 14 ұсыныс әзірленді, соның ішінде орындалды - 10, бекіту сатысында - 4;

14 қызметкерлер «Жедел желі» жұмысы туралы хабардар болды

15 13 кандидат сенімділікке тексерілді, олардың қатарынан 1 кандидат тексерістен өтпеді (оны жұмысқа қабылдау туралы шешім қабылданбады)

16 Жаңадан қабылданған қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін регламенттейтін нормативтік құжаттармен таныстыру бойынша жұмыс жүргізілді – 10

17 ҚТКФ қызметкерлері салық декларациярын тапсыруды 100 % қамтамасыз етті

18 25 әлеуетті жеткізушінің сенімділігі тексерілді

19 бастамалық хабарландырудың сыртқы және ішкі арналары (Жедел желі, E-Otinish және басқасы) бойынша етініштер келіп түспеді.

ҚТКФ бизнесті жүргізудің адалдық, әділдік және ашықтық қағидаттарын ұстана отырып, компанияның қызметкерлері сияқты оның серіктестерінің оларды сақтауына айрықша назар аударады.



САТЫП АЛУЛАР ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТЫЛЫМДЫ ДАМУ

2023 жыл бойынша сатып алулар жоспарының орындалуы

100 %

құрады - жоспармен көзделген барлық тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсетулер сатып алынды.

2023 жылы ҚТКФ жүргізілген тауарлар, жұмыстар және қызмет көрсетулер

234 сатып алуларының саны

жалпы сомасы **15 819** млн. теңге

болды, соның ішінде олар мына әдіспен жүргізілді:

- **7 860 млн. теңге** сомасында 36 ашық тендер;
- **89 млн. теңге** сомасында баға ұсынымдарын сұрату әдісімен жүргізілген сатып алулар саны - 91;
- **667 млн. теңге** сомасында бір көзден сатып алу әдісімен жүргізілген сатып алулар саны – 24;
- **7 203 млн. теңге** сомасында өзге әдістермен жүргізілген сатып алулар – 95.

Салыстырмалы түрде,

2022 жылда тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің

174 сатып алулар саны болды

жалпы сомасы **12 111** млн. теңге

болды, соның ішінде олар мына әдістермен жүргізілді:

- **9 757 млн. теңге** сомасында 32 ашық тендер;
- баға ұсынымдарын сұрату әдісімен **86 млн. теңге** сомасында сатып алулар – 76;
- бір көзден сатып алу әдісімен **1 701 млн. теңге** сомасында сатып алулар – 48.

2021 жылда тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің

247 сатып алулар саны болды


жалпы сомасы **9 764** млн. теңге

болды, соның ішінде олар мына әдістермен жүргізілді:

- **1 530 млн. теңге** сомасында 15 ашық тендер;
- баға ұсынымдарын сұрату әдісімен **43 млн. теңге** сомасында сатып алулар – 42;
- бір көзден сатып алу әдісімен **3 798 млн. теңге** сомасында сатып алулар – 64.

Талдауға сүйенетін болсақ, бәсекелі сатып алулардың саны сияқты сомасы бойынша елеулі ұлғаю және керісінше бір көзден сатып алу әдісімен сатып алулар санының азаю қарқындылығы байқалуда, ал бұл Қор сияқты ҚМГ талаптарын ескере отырып ҚТКФ қызметінің оң нәтижесі болып табылады, өйткені өзгесінен басқа сатып алу қызметі бойынша уәждемелі көрсеткіштерге қол жеткізілді, корпоративтік НҚК орындалды.

Бәсекелі сатып алулар қарқындылығы, млн. теңге



2022 жылы сияқты 2023 жылы сатып алу қызметінің бұзушылықтары бойынша Қор тарапынан нұсқамалар берілмеді.

Жүргізілетін сатып алуларды жоспарлау сапасын арттыру, техникалық ерекшеліктерді әзірлеу, белгіленген рәсімдердің бұзушылықтарын мейлінше азайту және дербес жауапкершілікті күшейту мақсатында 2023 жылы ҚТКФ бойынша жүргізілетін сатып алулар процесін регламенттейтін ҚТКФ ішкі құжаттары өзектендірілді, Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жауапкершілігі күшейтілді, өзгеше тәртіпті қолдана отырып бір көзден сатып алынатын барлық сатып алуларды ҚТКФ комплаенс-офицерімен келісу тәртібі қолданысқа енгізілді.

2023 жыл бойынша ТЖҚ сатып алуларында жалпы жергілікті қамтылым көрсеткіші - 85 %, соның ішінде тауарларда - 95 %, жұмыстарда/қызметтерде - 75% құрады.

МЕНЕДЖМЕНТТІҢ БІРІКТІРІЛГЕН ЖҮЙЕСІ

Компания жүзеге асыратын тексерістер, талдау және бағалау

Менеджменттің біріктірілген жүйесін (МБЖ), қауіпсіздікті басқару жүйесін (ҚБЖ) тиісті деңгейде күтіп ұстау және Компания мен оның кемелерінің ISO, Кемелерді қауіпсіз басқару және ластануды болдырмау жөніндегі халықаралық кодекс талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз ету бойынша қызметті тексеру үшін МБЖ және ҚБЖ үшін жауапты ҚТКФ құрылымдық бөлімшелерінде және ҚТКФ кемелерінде 2023 жылғы аудит жүргізу кестесіне сәйкес МБЖ және ҚБЖ ішкі аудиттері, сондай-ақ ҚТКФ кемелерінде OVPQ сауалнамасы бойынша техникалық инспекциялар жүргізілді.

Тексеріс нәтижелері (ISO және ХҚБК бойынша сыртқы және ішкі)

Бүгінде, ҚТКФ менеджментінің біріктірілген жүйесі төменде көрсетілген халықаралық және ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес «URS-Kazakhstan» ЖШС сертификатталды:



ISO 9001
Сапа менеджменті жүйесі.
Талаптары



ISO 9001 ҚР СТ
Сапа менеджменті жүйесі.
Талаптары



ISO 45001
Денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйесі.
Қолданылуына қойылатын талаптар мен ұсынымдар



ISO 45001 ҚР СТ
Денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйесі.
Қолданылуына қойылатын талаптар мен ұсынымдар



ISO 14001
Экологиялық менеджмент жүйесі.
Қолданылуына қойылатын талаптар мен ұсынымдар



ISO 14001 ҚР СТ
Экологиялық менеджмент жүйесі.
Қолданылуына қойылатын талаптар мен ұсынымдар

ҚТКФ қауіпсіздікті басқару жүйесі ХҚБК талаптарына сәйкес болуына «Ресей теңіз кеме тіркелімі» сыныптаушы қоғамы (РТКТ), Bureau Veritas (BV) тарапынан куәландырылды.

Бірінші тараптың ҚТКФ бөлімшелерінде өткізген аудиттері

«Сапа менеджменті жүйесі. Талаптары» ISO 9001, «Экологиялық менеджмент жүйесі - Қолданылуына қойылатын талаптар мен ұсынымдар» ISO 14001, «Денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйесі - Қолданылуына қойылатын талаптар мен ұсынымдар» ISO 4500 ҚР СТ талаптарына сәйкес ҚТКФ сапа менеджменті жүйесінің:

- жоспарланған іс-шараларға;
- ISO 9001, ISO 14001, ISO 45001 стандарттарының талаптарына;
- ҚТКФ әзірлеген Біріктірілген басқару жүйесінің (ББЖ) талаптарына сәйкес болуын;
- нәтижелі қолданысқа енгізіліп, өзекті жай-күйде болуын анықтау мақсатында жоспарланған уақыт аралығында ішкі аудит (тексерістер) жүргізуге тиіс.

Ішкі аудит жүргізу рәсімі «Ішкі аудиттер» ішкі нормативтік құжатында көрсетілді.

ББЖ ішкі аудиті Бас директор (Басқарма төрағасы) бекіткен 2023 жылғы аудиттерді жүргізу кестесіне сәйкес өткізілді. Қажетті құзырлыққа ие ҚТКФ қызметкерлерінің қатарынан аудиторлар және аудиторлық топтар бұйрықпен белгіленді. Бірінші тарап аудиті Ақтау қаласы, 14-шағын ауданы, №70 ғимарат мекен-жайы бойынша кеңсе орын-жайында орналасқан бөлімшелерде өткізілді.

Тексеріс барысында ISO 9001, ISO 14001, ISO 45001 талаптарын орындау куәліктерінің болуы және өзектілігі анықталды.

Бірінші тарап аудиті бойынша 1 сәйкес келмеушілік анықталып, 7 ескертпе жасалды.

Сәйкес келмеушіліктер мен ескертпелерді жою және/немесе оларға жол бермеу бойынша түзетулерді енгізу мерзімі Сапаны басқару секторымен өзара келісілді.

Аудит нәтижелері оларды талдау қолайлы болу және ақпаратты сақтау үшін бірыңғай файл жинағына біріктіріліп, желілік ресурстарда орналастырылды.

Тексерілген бөлімшелердің басшыларымен келісілген анықталған сәйкес келмеушіліктер тізбелері және оларды жою және/немесе болдырмау бойынша шаралар нақты алынған шаралар сияқты келешекте жүргізілетін аудит шеңберінде нәтижелі болуына қарай бағаланатын болады.

Бірінші тараптың ҚТКФ кемелерінде өткізген аудиттері

нұсқаулықтарының орындалуын тексеру, соның ішінде кемеңі қауіпсіз жүргізудің навигациялық рәсімдерін орындау, жүк операцияларының қауіпсіздігін орындау.


Кеме капитаны анықталған сәйкес келмеушіліктерді белгіленген мерзімде жоюға және СБ Секторына осы турасында хабарлауға тиіс.

Басқару деңгейі, егер кемедегі барлық қызметтер өз міндеттерін кеме қауіпсіздігіне әсерін тигізетін ескертпелерсіз орындаған жағдайда ғана қанағаттанарлық болып саналады.

Басқару деңгейі, егер кемедегі қызметтердің бірі өз міндеттерін талап қойылған деңгейде орындамаған және кеме қауіпсіздігіне әсерін тигізетін ескертпелер болған жағдайда ғана қанағаттанарлықсыз деп саналады.

Жабу жүйесін түзетулерді енгізу іс-қимылы үшін белгіленген мерзім, ҚТКФ орындағаны және осының расталғаны туралы ҚТКФ хабардар ету құрайды.

Бірінші тараптың аудиті 2023 жыл. ҚБЖ



Екінші тараптың аудиттері. 2023 жыл. Мердігерлік ұйымдар.



Екінші тараптың ҚТКФ мердігерлік ұйымдарында өткізген аудиттері

ҚМГ, Қор, ҚР заңнамасы, халықаралық/мемлекеттік стандарттары талаптарына және IOGP ұсынымдарына, еңбекті қорғау, өнеркәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы (ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) саясаттарға және МЖ сәйкес ҚТКФ бойынша Еңбекті қорғау, өнеркәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласында мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі корпоративтік стандарт (Стандарт) әрекет үстінде. Стандарт мақсаты ТЖҚ жеткізілімін жүргізу/орындау/ұсыну кезінде Мердігерлік/қосалқы мердігерлік ұйымдардың Стандарт талаптарын сақтауы болып табылды.

Мердігер жұмыстарды орындау/қызметерді ұсыну барысында Бас директор (Басқарма төрағасы) бекіткен 2023 жылғы тексерістерді жүргізу кестесіне сәйкес жүзеге асыратын қызметтің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарына сәйкес болуына мерзімді тексерістерді (аудиттерді) ұйымдастырып, өткізеді. Тексерістерді өткізу мерзімділігі – кем дегенде жылына 1 (бір) мәрте.


Үшінші тараптың аудиттері (ҚТКФ)

2023 жылғы кезеңде ҚТКФ бойынша үшінші тараптың инспекциялары өткізілді. 2023 жылғы қыркүйекте «URS-Kazakhstan» ЖШС тарапынан ҚТКФ менеджментінің біріктірілген жүйесінің ISO 9001, ISO 14001, ISO 45001 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес болуына сыртқы инспекциялық аудит және және ISO 9001 ҚР СТ, ISO 14001 ҚР СТ, ISO 45001 ҚР СТ мемлекеттік стандарттарының талаптарына сәйкес болуына қайта сертификаттау жүргізілді.

Аудит нәтижелері бойынша анықталған болмашы сәйкес келмеушілік - 10, берілген ескертпе - 6. Сәкес келмеушіліктер бойынша: 9001 бойынша - 7, 14001 бойынша - 2, 45001 бойынша - 1.

2023 жылғы маусымда «Bureau Veritas» тарапынан ҚТКФ Қауіпсіздікті басқару жүйесіне куәландыру жүргізілді. 16 сәйкес келмеушілік анықталып, жойылды.

Компанияның үшінші тарабының аудиті 2023 жыл



Үшінші тараптың аудиттері (кемелер)

2023 жылғы кезеңде ҚТКФ кемелерінде үшінші тараптың аудиттері өткізілді.

ҚТКФ компаниясына және оның кемелеріне бірінші, екінші, үшінші тараптардың аудиттерін жүргізген кезде жасалған ескертпелер, сондай-ақ техникалық/экологиялық, навигациялық/еңбекті қорғау инспекциялары шеңберінде ескертпелерді уақтылы жою және олардың қайталануын болдырмау жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз етуге бағытталған және ҚТКФ сапалық және қауіпсіздік деңгейін арттыру мақсатында түзетулерді енгізу және сақтандыру іс-қимылын жасау жоспарлары әзірленді.

Үшінші тараптың аудиттері. 2023жыл Кемелер



ERNST & YOUNG АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ



«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, д. 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 59 60
Fax: +7 727 258 59 61
www.ey.com



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Қазақтеңізкөлікфлоты» Ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің Басшылығы мен Қатысушысына

Пікір

Біз «Қазақтеңізкөлікфлоты» Ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі - «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының маңызды ережелері туралы ақпаратты қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының шоғырландырылған қозғалысы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бұхгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес (БХЭСК) қабылдаған Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (БХЭСК Кодексі) (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) және біздің шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне Қазақстан Республикасында қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Топқа қатысты біз тәуелсізбіз және біз осы талаптар мен БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық.

Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Басшылықтың және Қадағалау кеңесінің шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Топты таратқысы келген, басшылықтың қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Қадағалау кеңесі Топтың қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- ▶ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірді білдіру үшін ұйымның қаржылық ақпаратына және Топ ішіндегі шаруашылық қызметке қатысты жеткілікті болатын лайықты аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз жалпы басшылық ету, бақылау және Топ аудитінің жүргізілуі үшін жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін жеке дара жауапты болып табыламыз.

Біз Қадағалау кеңесінің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС


Динара Малаева
Аудитор

Аудитордың 2016 жылғы 25 ақпандағы
№ МФ-0000323 біліктілік куәлігі

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2024 жылғы 21 ақпан


Рустамжан Саттаров
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы
МФЮ-2, № 0000003 болатын Қазақстан
Республикасының аумағында аудиторлық
қызметпен айналысуға арналған
мемлекеттік лицензия

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Мың теңгемен	Ескерт.	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
Активтер			
Айналымнан тыс активтер			
Негізгі құралдар	5	40.901.925	43.337.826
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	6	95.003	-
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	7	455.842	468.427
Материалдық емес активтер	8	55.155	62.683
Бірлескен кәсіпорынға инвестициялар	9	7.120.046	-
Пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаты	10	1.000	1.000
Айналымнан тыс активтер үшін берілген аванстар		-	33.152
Басқа да айналымнан тыс активтер		50.671	42.382
		48.679.642	43.945.470
Айналымдағы активтер			
Қорлар	11	1.289.679	1.224.194
Пайда салығы бойынша алдын ала төлем		431.886	169.451
Сауда және басқа да дебиторлық берешек	12	9.714.515	18.995.013
Ақша қаражаты мен оның баламалары	14	11.164.460	8.753.374
Пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаты	10	-	1.061.616
Басқа да айналымдағы активтер	13	1.516.538	1.236.313
		24.117.078	31.439.961
Активтердің жиыны		72.796.720	75.385.431
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Жарғылық капитал	15	18.625.721	11.575.721
Шетел валютасын қайта есептеу резерві		7.601.423	8.088.782
Бөлінбеген пайда		36.725.464	27.674.093
Капитал жиыны		62.952.608	47.338.596
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Жалдау бойынша міндеттемелер	17	15.910	-
Резервтер		65.261	56.972
Пайдаға салынатын кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер	26	588.967	833.266
		670.138	890.238
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Алынған қарыздардың ағымдағы бөлігі	16	-	11.929.893
Жалдау бойынша міндеттемелер - қысқа мерзімді бөлік	17	77.730	-
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	18	8.550.278	14.701.974
Табыс салығы бойынша міндеттеме		176.824	79.113
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	19	369.142	445.617
		9.173.974	27.156.597
Міндеттемелер жиыны		9.844.112	28.046.835
Капитал мен міндеттемелер жиыны		72.796.720	75.385.431

Бас директор

Қаржы директоры

Бас бухгалтер



2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт.	2023 жыл	2022 жыл
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім			
Жалға беруден түскен кіріс	20	134.578.827	120.389.035
Түсім	21	7.279.263	5.615.166
		141.858.090	126.004.201
Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны			
Жалпы пайда	22	(125.560.503)	(103.602.787)
		16.297.587	22.401.414
Жалпы және әкімшілік шығыстар			
Өткізу шығыстары	23	(2.704.666)	(2.862.734)
Құнсыздану залалы	5	(1.023.283)	(935.683)
Басқа да операциялық кірістер	24	(895.216)	(1.801.374)
Басқа да операциялық шығыстар	24	731.243	595.109
Операциялық пайда		(416.143)	(376.353)
		11.989.522	17.020.379
Қаржылық кірістер			
Қаржылық шығыстар	25	337.715	149.030
Бірлескен кәсіпорынның кірісіндегі үлес	7	(175.641)	(756.386)
Бағамдық айырма, нетто		48.279	-
Салық салынғанға дейінгі пайда		(34.862)	181.105
		12.165.013	16.594.128
Пайда салығы бойынша шығыстар			
Бір жылғы пайда	26	(3.113.642)	(4.223.242)
		9.051.371	12.370.886
Басқа да жиынтық кіріс			
<i>Келесі кезеңдерде пайданың немесе зиянның құрамына қайта сыныптауға жататын басқа да жиынтық кіріс сомалары (салықтарды шегере отырып)</i>			
<i>Шетелдік бөлімшелердің есептілігін қайта есептеуден болған бағамдық айырмалар</i>			
Салықтар шегерілген бір жылғы өзге жиынтық (залап) кіріс		(487.359)	1.022.314
Салықтарды шегере отырып, бір жылғы жиынтық кірістің жиыны		(487.359)	1.022.314
		8.564.012	13.393.200

Генеральный директор

Финансовый директор

Главный бухгалтер

